

КМКҚ«Алпамыс» бөбекжай бақшасы

"Айбарлы асқақ- Ата заң"

Тобы: «Зерттеуші бүлдіршін» ересек тобы

Тәрбиеші: Смағұлова Н.Н

Қызылорда қаласы, 2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Айбарлы асқақ- Ата заң»

Ұйымдастырылған іс-әрекеті: Сөйлеуді дамыту

Тобы: «Зерттеуші бүлдіршін» ересек

Өткізілу күні: 29.08.2024 ж

Тәрбиеші: Смағұлова Назымгүл Нағашыбайқызы

Міндеттері: Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін ояту, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Патриоттық сезімін ояту. Балаларға рәміздерді құрметтеуге, қастерлеуге рәміздерді бәрінен биік ұстауға, рәміздердің әр элементтерін, бөлшектерін атауларын жатқа білуге тәрбиелеу

ҰІӨ басы

Сәлеметсіңдерме балалар! Көңіл күйіміз қалай?

Әнұран



Әңгімелеу

-Балалар біз қандай мемлекетте тұрамыз?

Әрина Қазақстан Республикасында тұрамыз?

-Біздің ұлтымыз қандай?

-Біз қай тілде сөйлейміз?

-Ал, сендер біздің елді басқарып отырған Президентіміз есімін білесіңдер ме?

-Сендер мына суреттерден не көріп тұрсыңдар?

Қазақстан Республикасы тәуелсіз, егеменді мемлекет. Еліміз тәуелсіздікті 1991 жылы алды. Қазақстан мемлекеті өз егемендігін алған соң 30 - тамызда 1995 жылы өз Ата Заңымыз қабылданды. 30 тамыз – мемлекеттік мереке Конституция күні деп аталды.

Еліміздің тәуелсіздігін дәлелдейтін өз рәміздері бар. Мемлекеттің барлық азаматтары - үлкендерде, балалар да - мемлекеттік рәміздерді, олардың символикаларын білуі және түсінуі тиіс.



Мына бірінші суреттегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы.

Балалар тудың түсі көк. Көк түс болудың себебі адам бойына адалдық пен тазалық пен үміт сияқты қасиеттеріне сәйкестенуі тегін емес, көк түс әрқашан бейбітшіліктің, тыныштық пен жарқын болашақтың белгісі. Яғни аспанымыз ашық болсын дегеннің белгісі екен. Тудың қақ ортасында күн мен қалықтаған қыран құсымыз және оң жағында оюдың суреті бар. Күннің болуы әрқашан

күндей нұрымыз жарқын болсын деген ниетпен, дала бүркіті Қазақстандықтар ұғымында дархандық пен қырағылық, биіктік пен бейнеленген. Тудың оң жағында оюдың бейнеленуі біздің қазақ екенімізді білдіретін қазақтың ою-өрнегі бейнеленген. Ал түстерінің сары болуының себебі сары түс молшылықтың байлықтың белгісі.

Келесі суреттен біз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының ортасында елтаңбаның негізі ретінде шаңырақ бейнеленген. Ол елтаңбаның жүрегі іспеттес.

Шаңырақ еліміздің біртұтастығын, мемлекеттік бастауы, отбасы ошағын бейнелейді. Екі жағындағы қанатты тұлпар мәңгілік өмір, болашаққа үміт артқан сендер сияқты балалардың арманы, самғау биігі.



Шекесіндегі бес жұлдыз мемлекетіміздің жарқын болашағына жол көрсетер жұлдызы. Елтаңбаның астында «Қазақстан» атты жазу біздің қазақ екенімізді білдіретін айырықша белгі екен.

Біздің рәміздеріміздің бірі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні. Балалар ҚРМ Гимнінің сөзін Елбасымыз Нұрсұлтан атамыз және Жүмекен атамыз жазған. Әні жазған Шәмші атамыз.

Балалар Мемлекеттік Гимнді қалай болса солай орындауға болмайды, оны барлығымыз орнымыздан тұрып, оң қолымызды жүрек кеудемізге қойып бойымызды тік ұстап орындау керек.

Өз еліңнің Туын, Елтаңбасын және Әнұранның құрметтеу ол өз Отаныңды құрметтеу және сыйлау.

Қасымхан: Отан туы желбіреп,
Көз тартады құбыла.
Біз қараймыз елжіреп,
Туған жердің туына.
Балаларға туды көрсетіп түсіндіреді.

Ерке: Әнұраным - жан ұраным,
Айтар әнім, сөйлер сөзім.
Туған жерім сағынарым,
Мәңгі - бақи шырқалады,
Республика әнұраны.

1-топ: «Желбіре Туым» ойын

Шарты: Қиылған бөліктерді қағаз бетіне орналастырып туды жапсырады.



2-топ: «Менің Астанам» ойын

Шарты: Астана қаласының көрікті жерлерінің суреті ұсынылады. Балалар жіпке тізіп өткізу арқылы альбом жасайды. Сурет бойынша әңгімелейді



3-топ: «Не шықты?» ойын

Шарты: Ұсынылған қиындықтардан реттік сан бойынша орнасластырып рәміздер бейнесін құрастырады. Балалардың логикалық ойлау қабілеттері дамиды.



Кері байланыс

«Көңілді доп» қорытынды ойыны

Шарты: Педагог балаларға допты домалатып жібереді. Бір баланың алдында тоқтаған доп бойынша бала оқу іс-әрекетінен алған білімдерін айтып, қойған сұрақтарына жылдам жауап береді.

Күтілетін нәтиже: Байланыстырып сөйлеп, сұрақтарға жауап бере алады. Білімге талпынған бүлдіршіндерім қанаттарың қатая берсін! Конституция күні құтты болсын!



